

Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданы Степняк қаласындағы көшелердің атауын өзгерту туралы

Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 26 қазандағы № А-10/177 қаулысы және Ақмола облысы Еңбекшілдер аудандық мәслихатының 2009 жылғы 26 қазандағы № С-18/6 шешімі. Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 3 желтоқсанда № 1-10-105 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабы 1 тармағының 4 тармақшасына, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 12 бабының 5-1 тармақшасына сәйкес, тұрғындар пікірлерін ескере отырып, Еңбекшілдер ауданы әкімдігінің жанындағы ономастика және тілдер саясаты жөніндегі комиссияның 2009 жылғы 2 қазандағы шешіміне сәйкес, Еңбекшілдер ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Еңбекшілдер аудандық мәслихаты

Ш Е Ш І М

Е Т Т І :

1. Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданы Степняк қаласындағы көшелердің атауы өзгертілсін :

1) Ленин көшесінің № 1 үйінен № 48-ге дейінгі бөлігі Сәкен Сейфуллин атындағы көше болып өзгертілсін ;

2) Ленин көшесінің № 49 үйінен № 135-ке және Біржан көшесі, Біржан сал көшесі болып өзгертілсін .

2. Қаулы мен шешім Еңбекшілдер ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

3. Қаулы мен шешім ресми түрде алғаш жарияланғаннан кейін, он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

әкімі *Т.Хамитов* *Еңбекшілдер ауданының*

төрағасы *А.Әмрин* *Еңбекшілдер аудандық мәслихаты сессиясының*

мәслихатының хатшысы *М.Исажанов* *Еңбекшілдер аудандық*

КЕЛІСІЛДІ:

Еңбекшілдер ауданы әкімдігінің жанындағы ономастика және

КОМИССИЯНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

тілдер саясаты жөніндегі

Н.Дәулетбаев

Еңбекшілдер аудандық

«Қала құрылысы және

сәулеттендіру бөлімі»

мемлекеттік мекемесінің

бастығы

А.Ахметова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК